

# МҰРАЖАЙДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайында 2018 жылдың мамырында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығына арналған «Халық жүрегіндегі жауынгерлер» атты қайырымдылдық іс-шарасы өткізілді.**

Жеңіс күні – жан аямай елін қорғаған ержүрек батырларымызды еске алу мерекесі. Асау уақыт тізгінін ауыздықтай алмайсың – жылдан-жылға адамзаттың басына алапат қасірет түсірген зұлмат соғыс жайлы баяндайтын Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары сиреп барады. Ардагерлермен жүздесу өскелең ұрпақтың еліміздің өткен тарихын тереңірек зерделеуіне ықпал етіп, олардың бойында азаматтық сана-сезім, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, Отансүйгіштікке, қашанда ҚР мүдделеріне қызмет етуге лайық болуға тәрбиелеп, ардагерлерге құрмет көрсетіп, алғыс сезімін білдіруге мүмкіндік береді.

Ұрыс майданында соғысқа қатысып қаза болған, тірі қалып бүгінгі күнге дейін жетпеген ардагерлерді, сонымен қатар ұрыс майданында жаралыларға көмек көрсеткен мейірбикелерді, еңбек майданына қатысқандарды еске алу үшін Бір минуттық үнсіздік жарияланды. Қайырымдылық іс-шараның салтанатты ашылуында ҚР МОМ директорының орынбасары Бейбітқали Смағұлұлы Қақабаев барлық ардагерлерді және мұражайға келген қонақтарды Жеңістің 73 жылдық мерекесімен құттықтады. Келесі сөз кезектерін Медеу ауданындағы ардагерлер кеңесінің төрайымының орынбасары Соболев Валерий Васильевич, Еңбек майданының ардагері Жұмасұлтанов Тілеубек Жұмасұлтанұлы жалғастырды. Ардагерлерді «Сұлтан-Маркетинг», ZUGO Home Textile, Гавая Аквапаркі, Қазақстан Жылыжайлары Қауымдастығы, «Бостан» компаниясы, «Ақмарал Сауда», «AMIRAN», «WELLDIS», «Lemonadoff Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің өкілдері Аракелян Ирина Салмановна мен Қанатова Маржан Қанатқызы құттықтап өздерінің сый-сыяпаттарын тарту етті.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайы серіктестерімен бірлесе отырып, Алматы қаласы Медеу ауданында тұратын Ұлы Отан соғысы және еңбек майданы ардагерлеріне арнап мерекелік бағдарлама дайындалды:

- ардагерлерге құрмет көрсетіліп;
- «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» экспозициясымен таныстыру;
- ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара Қызметі Академиясы, Корей мәдени орталығы, «Аяжан» Медецина колледжінің студенті, М.Ю. Лермонтов атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы өнерпаздарының қатысуымен арнайы концерт ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, осы акцияны қолдағандар: «Сұлтан-Маркетинг», ZUGO Home Textile, Гавая Аквапаркі, Қазақстан Жылыжайлары Қауымдастығы, «Бостан» компаниясы, «Ақмарал Сауда», «AMIRAN», «WELLDIS», «Lemonadoff Food» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері.

**Назира ЖЕКСЕНБЕКОВА,**
**Сымбат БАҚҚҰЛОВА,**
**ҚР Мемлекеттік орталық мұражайының қызметкерлері**